ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №1 ХАТТАМАСЫ

Күні: «28» тамыз 2026 жыл
Уақыты: 10.00
Қатысқандар:
Әдістемелік кеңес мүшелері – 11 адам.
Қатыспағандар:

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. 2026–2027 оқу жылындағы әдістемелік қызметтің өзекті мәселелерін талдау, жаңа оқу жылының мақсаттары мен міндеттерін айқындау.
2. Әдістемелік кеңес жоспары мен әдістемелік апталықтардың өткізілу мерзімдерін талқылау және бекіту.
3. Оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарларға «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары мен жасанды интеллект элементтерін енгізу.
4. Мұғалімдерді 2026–2027 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.
5. Аттестаттау және сараптамалық кеңестің құрамын анықтау және бекіту.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша Әдістемелік кеңес төрағасы Т.Тастаева директордың бейінді оқыту орынбасары 2026–2027 оқу жылындағы әдістемелік қызметтің негізгі бағыттарына тоқталды. Баяндамашы өткен оқу жылында атқарылған әдістемелік жұмыстарға талдау жасап, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, білім сапасын көтеру, педагогтердің тәжірибесін тарату, сабақ беру әдістемесін жетілдіру, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бағыттарында жұмыстар жүргізілгенін атап өтті. Жаңа оқу жылында білім беру сапасын арттыруға, заманауи педагогикалық технологияларды тиімді пайдалануға, цифрлық ресурстар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін педагогикалық мақсатта орынды қолдануға, оқушылардың зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға басымдық беру қажеттігі айтылды.

2026–2027 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың негізгі мақсаты – педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіру арқылы білім алушыларға сапалы білім беру ортасын қалыптастыру және білім сапасын арттыру.

Жаңа оқу жылына қойылатын негізгі міндеттер:

- педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жүйелі түрде арттыру;
- тиімді педагогикалық тәжірибелерді анықтау, зерделеу және тарату;
- сабақтың сапасын арттыруға бағытталған әдістемелік жұмыстарды жүйелеу;
- білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- оқу процесінде цифрлық білім беру ресурстары мен жасанды интеллект құралдарын педагогикалық мақсатта тиімді пайдалану;
- «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын оқу-тәрбие процесіне кіріктіру;
- жас педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету;
- педагогтердің біліктілігін арттыру курстарына, семинарларға, вебинарларға және кәсіби байқауларға қатысуын қамтамасыз ету;
- педагогтердің озық іс-тәжірибесін жинақтау және тарату;
- әдістемелік бірлестіктердің жұмысын жетілдіру;
- білім сапасына жүргізілетін мониторинг нәтижелеріне сәйкес әдістемелік қолдау жұмыстарын ұйымдастыру.

СӨЙЛЕДІ:

А.Жанбосынова физика-математика әдістемелік бірлестік жетекшісі, жаңа оқу жылында пән мұғалімдерінің өзара тәжірибе алмасуын күшейту, ашық сабақтар мен шеберлік сабақтарын жүйелі өткізу қажеттігін атап өтті.

А.Әбішева информатика пәні мұғалімі, сабақ барысында цифрлық ресурстарды және жасанды интеллект мүмкіндіктерін оқу мақсаттарына сәйкес тиімді пайдалану жөнінде ұсынысын білдірді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 2026–2027 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың негізгі мақсаты мен міндеттері басшылыққа алынсын.
2. Әдістемелік бірлестіктер өз жұмыс жоспарларын оқу жылындағы негізгі міндеттерге сәйкес ұйымдастырсын.
3. Педагогтердің кәсіби дамуына, тәжірибе алмасуына және шығармашылық ізденісіне жағдай жасалсын.
4. Әдістемелік жұмыстардың орындалуы жүйелі түрде талданып, нәтижелері әдістемелік кеңес отырыстарында қарастырылсын.

ТЫҢДАЛДЫ:

2-мәселе бойынша Әдістемелік кеңес төрағасы Т.Тастаева 2026–2027 оқу жылына арналған әдістемелік кеңестің жұмыс жоспары және әдістемелік апталықтарды өткізу мерзімдері туралы хабарлады.

Әдістемелік кеңес жоспарына педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, пәндік әдістемелік бірлестіктердің жұмысын үйлестіру, педагогикалық тәжірибені тарату, білім сапасын талдау, ашық сабақтар, семинарлар, шеберлік сабақтары, әдістемелік апталықтар және кәсіби қолдау жұмыстары енгізілгені айтылды. Әдістемелік апталықтардың өткізілу мерзімдері пән мұғалімдерінің ұсыныстары негізінде талқыланды.

СӨЙЛЕДІ:

Дене шынықтыру пәні әдістемелік бірлестік жетекшісі Е.Маханов әдістемелік апталықтарды оқу процесіне кедергі келтірмейтіндей етіп жоспарлау және әр апталықтың нақты тақырыбы мен мақсатын алдын ала анықтау қажеттігін ұсынды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 2026–2027 оқу жылына арналған Әдістемелік кеңестің жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Әдістемелік апталықтарды өткізу мерзімдері бекітілсін.
3. Әдістемелік бірлестік жетекшілері бекітілген жоспарға сәйкес іс-шаралардың сапалы өткізілуін қамтамасыз етсін.
4. Өткізілген іс-шаралардың қорытындысы бойынша тиісті құжаттар жинақталсын.

ТЫҢДАЛДЫ:

3-мәселе бойынша Т.Тастаева 2026–2027 оқу жылында оқу пәндерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын әзірлеу барысында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын оқу мақсаттарымен сабақтастыра отырып кіріктіру қажеттігі туралы түсіндірді. Сонымен қатар оқу процесінде жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, оқу мақсаттарына және пән ерекшелігіне сәйкес тиімді әрі жауапты пайдалану қажеттігі айтылды.

ЖИ элементтерін қолдану кезінде білім алушының өз бетінше ойлауын, шығармашылығын және зерттеушілік қабілетін дамытуға басымдық берілуі қажеттігі атап өтілді.

СӨЙЛЕДІ:

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің жетекшісі А.Кайранова күнтізбелік-тақырыптық жоспарларда тәрбие құндылықтарын сабақ тақырыптарымен байланыстыру және ЖИ элементтерін қолдану мүмкіндіктерін нақты көрсету туралы ұсынысын білдірді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Пән мұғалімдері күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды әзірлеу барысында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын оқу мазмұнына кіріктірсін.
2. Оқу мақсаттарына сәйкес болған жағдайда сабақтарда жасанды интеллект элементтерін тиімді пайдаланудың мүмкіндіктері қарастырылсын.
3. ЖИ құралдарын пайдалану барысында академиялық адалдық, деректердің қауіпсіздігі және білім алушының дербес ойлау қабілетін сақтау талаптары ескерілсін.
4. Әдістемелік бірлестік жетекшілері күнтізбелік-тақырыптық жоспарлардың осы талаптарға сәйкестігін қарастырсын.

ТЫҢДАЛДЫ:

4-мәселе бойынша әдістемелік кеңес төрағасы Т.Тастаева педагогтерді 2026–2027 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды. Әдістемелік нұсқау хатта көрсетілген оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктері, пәндерді оқытудағы негізгі бағыттар, білім алушылардың білім жетістіктерін бағалау, оқу жүктемесін ұйымдастыру, тәрбие жұмысы, педагогтердің әдістемелік қызметі және оқу процесіне қойылатын негізгі талаптар бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Педагогтерге әдістемелік нұсқау хаттың мазмұнын мұқият зерделеп, оқу процесін ұйымдастыру барысында басшылыққа алу қажеттігі ескертілді.

СӨЙЛЕДІ:

Бастауыш сынып қазақ бөлімі әдістемелік бірлестік жетекшісі М.Рашидінова, әдістемелік нұсқау хаттағы пәндерді оқыту ерекшеліктерін пән мұғалімдерімен бірлесе талқылау қажеттігін атап өтті.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Педагогтер 2026–2027 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хаттың мазмұнымен таныстырылған деп есептелсін.
2. Пән мұғалімдері өз пәндері бойынша оқыту ерекшеліктерін оқу процесінде басшылыққа алсын.
3. Әдістемелік бірлестік жетекшілері әдістемелік нұсқау хат талаптарының орындалуын әдістемелік отырыстарда талқылап отырсын.

ТЫҢДАЛДЫ:

5-мәселе бойынша әдістемелік кеңес төрағасы Т.Тастаева 2026–2027 оқу жылына арналған аттестаттау және сараптамалық кеңестің құрамын қалыптастыру туралы ұсыныс жасады.

Кеңес құрамына педагогтердің кәсіби тәжірибесі, біліктілігі, әдістемелік жұмыстағы белсенділігі және сараптамалық жұмыстарға қатысу тәжірибесі ескеріліп, тиісті педагогтерді енгізу ұсынылды.

СӨЙЛЕДІ:

Жаратылыстану бірлестік жетекшісі Ж.Дәуренбекова ұсынылған кеңес құрамын талқылап, мүшелердің міндеттерін нақтылау және жұмыс барысында қолданыстағы нормативтік талаптарды басшылыққа алу қажеттігін айтты.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 2026–2027 оқу жылына арналған аттестаттау кеңесінің құрамы бекітілсін:

Аттестаттау кеңесінің төрағасы:

№5 мектеп-лицей директоры Б.Дуйсенбаев – педагог-зерттеуші

Хатшысы: А.Сырғабаева - педагог-зерттеуші

Кеңес мүшелері:

1. А.Жанбосынова – математика пәнінің мұғалімі
2. Ж.Дәуренбекова – география пәнінің мұғалімі
3. Г.Достаева – бастауыш сынып орыс бөлімінің мұғалімі
4. С.Беркінбай – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

5. А.Айдарбекова – бастауыш сынып оқу ісі жөніндегі орынбасары
6. Б.Аблаев – директордың оқу ісі орынбасары
7. Т.Тастаева – директордың бейінді оқыту орынбасары
8. 2026–2027 оқу жылына арналған сараптамалық кеңестің құрамы бекітілсін:

Сараптамалық кеңес төрағасы: Т.Тастаева – директордың бейінді оқыту жөніндегі орынбасары

Хатшысы: А.Кайранова – қазақ тілі мен әдебеиті пәні мұғалімі

Кеңес мүшелері:

1. А.Бахуадин – физика пәнінің мұғалімі
2. Д.Әбдрахманова – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
3. Ж.Фазылова – орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
4. В.Шайхутдинова – тарих пәнінің мұғалімі
5. А.Шайхутдинова – математика пәні мұғалімі
6. Аттестаттау және сараптамалық кеңес мүшелері өз қызметтерін қолданыстағы нормативтік-құқықтық талаптарға сәйкес жүзеге асырылсын.
7. Кеңестердің жұмысы бекітілген жоспар негізінде жүйелі түрде жүргізілсін.

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ:

Әдістемелік кеңес күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе:

1. 2026–2027 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың негізгі мақсаты мен міндеттері бекітілсін.
2. Әдістемелік кеңестің 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
3. Әдістемелік апталықтардың өткізілу мерзімдері бекітілсін.
4. Пән мұғалімдері күнтізбелік-тақырыптық жоспарларда «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын жүйелі түрде кіріктірсін.
5. Оқу мақсаттарына сәйкес сабақтарда жасанды интеллект элементтерін тиімді және жауапты пайдалану жолдары қарастырылсын.
6. Педагогтер 2026–2027 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат талаптарын басшылыққа алынсын.
7. Аттестаттау және сараптамалық кеңестердің құрамы бекітілсін.
8. Әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау әдістемелік кеңес төрағасына жүктелсін.

Әдістемелік кеңес төрағасы: **Т.Тастаева**

Хатшы: А.Сырғабаева

Күні: «28» тамыз 2026 жыл